

**Коммерциялық емес  
акционерлік қоғам**



**ҒҰМАРБЕК ДАУКЕЕВ  
АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ  
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ  
БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ**

Тіл білімдері кафедрасы

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ**

С1 деңгейі. Барлық білім беру бағдарламаларына арналған  
СӨЖ тапсырмалары бойынша әдістемелік нұсқаулық

Алматы 2020

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Г.С. Алмухаметова. Қазақ тілі. С1 деңгейі. Барлық білім беру бағдарламаларына арналған СӨЖ тапсырмалары бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ, 2020. – 38 б.

Әдістемелік нұсқаулықта дәрісханадан тыс орындалатын өздік жұмыстардың (СӨЖ) түрлері, көлемі мен мақсаты, жұмысты орындауға қойылатын талаптар қарастырылған. «Қазақ тілі» пәні бойынша СӨЖ тапсырмаларына арналған әдістемелік нұсқаулық барлық білім беру бағдарламалары бойынша С1 деңгейінде оқитын бакалаврларға арналған. Әдеб. көрсеткіші – 32 атау.

Пікір беруші: ф.ғ.к., доцент М.Қ. Нұрмаханова

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2020 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2020 г.

## Кіріспе

Бүгінде жоғары оқу орындарында, әсіресе техникалық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту сапасының деңгейін көтеру, тілді меңгертуге байланысты жұмыстарды жүргізу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулықта «Қазақ тілі» пәнінен барлық білім беру бағдарламалары үшін С1 деңгейі бойынша оқитын бакалаврлардың сабақтан тыс уақытта орындайтын өздік жұмыстары берілген.

Жаңа заман талабы студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстарына басымдық береді. Студенттердің өздік жұмысы жоғары оқу орындарындағы білім үрдісінің бөлінбес бір бөлігі екені белгілі, өйткені жоғары оқу орындарының негізгі міндеті өз бетінше білім алуға, алған білімін өз бетінше дамытуға бейім шығармашыл мамандарды қалыптастыруға бағытталып отыр. Студенттердің тапсырмаларды өздігінен орындауы олардың танымдық қызығушылықтарын арттырып, танымдық белсенділікке, шығармашылықпен жұмыс жасауына дағдыландырады.

Бұл әдістемелік көрсеткішті жазу барысында дәрісханадан тыс орындалатын өздік жұмыстар (СӨЖ) студенттерден көп ізденуді қажет ететінін ескердік. Әдістемелік көрсеткіште берілген өздік жұмыстардың түрлері, көлемі мен мақсаты типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған жұмыс бағдарламасында қарастырылған. Біздіңше, әдістемелік көрсеткішке топтастырылған бұл жұмыстар студенттің іздену қабілетін ұштайды, білімін толықтыру мақсатында тер төгуді қажет етеді. Мұндай шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі деген сенімдеміз. Демек, студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын сапалы ұйымдастыру арқылы олардың жеке тұлғалық қабілеттерін нығайтуға, дамытуға, кәсіби біліктілігін арттыруға болады деген тұжырымға келеміз. Сондықтан әдістемелік көрсеткішті құрастыру барысында студенттердің өздік жұмыстары көлемінде берілетін шығармашылық, ізденімдік қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін ұсындық.

## **СӨЖ тапсырмалары және СӨЖ-ді орындауға қойылатын талаптар**

### **1 № 1 СӨЖ: «Мамандығым – мақтанышым» тақырыбына эссе жазу (жазбаша орындалады)**

**Жұмыс түрі:** эссе жазу.

Жұмыстың мерзімі: 1 ай.

**Жұмыстың мақсаты:** ұсынылған тақырып бойынша ақпарат көздерін (оқулықтар, ғылыми әдебиеттер, Интернет) пайдалана отырып, жан-жақты іздену нәтижесінде өз түсінігін жазбаша баяндап беру дағдысын қалыптастыру.

Қойылатын талаптар:

- жұмысты А 4 форматында 14 шрифтпен басу;
- жұмыс мерзімінде өткізілуі керек;
- эссе көлемі (300-500 сөз) болуы керек.

Жұмыстың мерзімі: кесте бойынша.

Жұмыстың орындалу барысы: студент ұсынылған тақырып шеңберінде өз ойын эссе түрінде мазмұндап жазады. Эссе туралы, оған қойылатын талаптар төменде көрсетілген.

Эссе деп белгілі бір мәселе бойынша адамның өз ойын толғап, пікір білдіріп жазуын айтамыз. Демек, оқыған, талқылаған ақпараттар негізінде белгілі бір тақырыпқа өз көзқарасыңды, ойыңды жоспар бойынша жазу. Эссе - франц. «essay» «шығармашылыққа талпыныс», ағылш. «assay»- байқау, көру, очерк; латынша «exagium» - салыстыру, өлшеу деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде эссеге: «Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма» деген анықтама берілген. Ол шағын көлемдегі проза түріндегі еркін композиция. Қандай да бір мәселені еркін түрде жазу, сын және публицистика жанры. Эссе нақты тақырып бойынша жеке әсері мен ой толғанысын бейнелейді.

Эссенің мақсаты - өз ойын жазбаша түрде жеткізу және өз бетінше автордың шығармашылық ойлау дағдысын жетілдіру, дамыту, әртүрлі тезистер, дәлелдер келтіре отырып берілген тақырыпты ашу. Эссе жазу білім алушыны өз ойын дәл және сауатты жеткізуге үйретеді, ақпаратты жүйелеуге, талдаудың негізгі категорияларын қолдануға, себеп-салдар байланыстарын бөлу, қажетті мысал келтіру, өз қорытындыларын дәлелдеу, сөйлеудің ғылыми стилін үйренуге баулиды. Эсседе автор өз пікірін дәлелдеу үшін әртүрлі әдістерді қолдана алады. Эссе авторға еркіндік береді. Эссе жазу пайдалы, себебі ол автордың өз ойын нақты және сауатты тұжырымдауына көмектеседі, қойылған мәселенің нақты мазмұнын көрсетеді. Онда өз бетінше жүргізілген талдаулар жазылуы тиіс. Эссе — бұл өз тілімен және стилімен жазылған өздік жұмыс, сондықтан цитаттың аз болғаны да жақсы.

Эссенің мақсаты - адамды ой толғауға итермелеу. Эссе тақырыбында мәселені ойлау төңірегіндегі сұрақтар болуы тиіс.

Эссе жазуда мына қағидаларды есте сақтау керек.

1. Эсседе адам маңызды мәселені көтеріп, оқырманның назарын аударады, ой тастайды.

2. Эссе арқылы жеке ой, көзқарас беріледі. Эсседе бір ой бірнеше рет қайталанбау керек.

3. Эссе жазу үшін белгілі тақырып, қарастырылатын мәселе бойынша өз ойыңыз, айтар идеяңыз болуы керек. Бұл ой нақты, түсінікті, анық болуы тиіс.

4. Эсседе берілетін ой, идея басқаларға пайдалы, қажетті болғаны дұрыс.

5. Жеке түйінді қорытынды пікір болуы қажет.

6. Эсседе ойды жүйелі беру үшін оның құрылымын жақсы меңгеру керек.

**Эссе құрылымы.** Кез келген эссе мағыналық бөліктер - абзацтан құралады. Абзац іштей мына бөліктерден тұрады:

- негізгі ойды жеткізетін тезисті ұсыну;
- тезисті түсіндіру;
- дәлел келтіру-мысал немесе айғақ келтіру;
- қорытынды жасау.

Үлгі.

**Тезис.** Бәсекеге қабілетті білікті маман дайындау – бүгінгі күннің басты талабы.

**Түсіндіру.** Қазіргі кезде дүние жүзінде мамандықтар өте көп. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Кейбіреулері адамнан ақыл-ой қабілетін, теориялық білімді қажет етсе, екіншілері білік-дағдыларды, осы заманғы техниканы меңгеруді талап етеді. Алайда қандай мамандықтағы адамға болсын, адамдармен тіл табысу, яғни коммуникативтік құзырет те, тілдік құзырет те өте қажет. Себебі әр маман ең бірінші адамдармен сөйлеседі және тіл арқылы қарым-қатынас жасайды.

**Дәлел келтіру.** Мамандық тандау - бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз тандаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Мамандықтың саны әр алуан: дәрігер, мұғалім, ұшқыш, есепші, аспаз, елші, қаржыгер, архитектор, механик, көлік жүргізуші, сазгер, сатушы, ғарышкер және т.б. Бірақ бұларды байланыстыратын маңызды нәрсе - бұлар бәрі халық үшін қызмет атқарады. Ал халық үшін қызмет көрсету маңызды мәселе.

Жапондықтардың пікірі бойынша, дүние жүзіндегі ең беделді мамандықтар электроншы-бағдарламашы және заңгер болып есептеледі. Біздің мамандығымыз ондай болмаса да өз жұмысымызды мақтан етеміз.

**Қорытынды.** Қоғамымыздың қай саласында жұмыс істесек те, ең басты мақсат - халыққа, елге қызмет ету, оның шаруашылығын өркендету, республикамызды әлемге таныту. Ол үшін алған білімімізді үнемі дамытуға, шетел тілдерін еркін игеруге, қазіргі түрлі технологияны меңгеруге ұмтыламыз.

Кіріспе – берілген тақырыпты негіздеу, ол логикалық және және стилистикалық байланысқан компоненттер қатарынан тұрады. Бұл кезеңде өз зерттеуі барысында ашқалы отырған тақырыпқа қойылатын сұрақты дұрыс

кою керек. «Кіріспе жазу барысында аталған тақырыпқа анықтама беру керек пе?», «Мен алған тақырып неліктен маңызды?», «Менің тұжырымдауымда қандай түсініктер қолданылуы мүмкін?», «Мен тақырыпты кішкене тақырыпшаларға бөле аламын ба?», т.с.с. сұрақтарға жауап іздеген жөн.

Негізгі бөлім. Тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұнын жазу. Мұнда эссенің негізгі мазмұны жазылады және ол біраз қиындық тудырады. Сондықтан негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Әр тақырыпшаларды дәлелді түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге көмектеседі.

Қорытынды бөлім. Эссенің қорытынды бөлімінде негізгі бөлімде айтылған сұрақтың мәнін бекітеді және мазмұнының маңыздылығын ашады, мұнда тақырып бойынша дәлелді қорытынды жасалады. Қорытындыда кіріспеден берілген ойды басқа сөздермен қайталап, ойды жинақтау керек, «Эссенің басында айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» деген сұраққа жауап болу қажет. Қорытынды бөлімде қолданылатын әдістер: қайталау, иллюстрация, цитата, әсер беретін тұжырым.

Эссенің жазылу жоспары:

- кіріспе (эссенің 30 % көлемі);
- негізгі бөлім (эссенің 60 % көлемі);
- қорытынды (эссенің 10 % көлемі).

Эссе жазуда ұстанатын қадамдар:

1 қадам. Контексті анықтаңыз.

Сізге эссе берілді, онда кейбір өлшеуіштер анықталды: бұл эссенің көлемі, бірінші парағының үлгісі, т.б. Қандай талаптар қойылса да, оларды сақтау керек. Ең бастысы - эссенің негізгі ойы.

2 қадам. Тақырыпты таңдаңыз.

Берілген тақырыптың сіз үшін маңызды, қызықтысын таңдауға болады. Сонда эссе жазу қиынға соқпайды. Сіз негізгі тезисті анықтап аласыз, бірақ ол тым күрделі болмау керек. Қажет болған кезде ойыңызды жалғастыруға болады. Тезис – бұл эссеңізде бір нәрсені дәлелдеуге немесе түсіндіруге тырысқаныңыз, мысалы «Менің отаным – гүлденген Қазақстан». Тезистің көлемі бір сөйлемнен артық болмасын, эсседегі сіз айтатын ойды сиғызу қажет.

3 қадам. Ақпаратты жинаңыз.

Тезисті дәлелдемелермен толықтыру үшін, сізге ақпарат қажет. Өзіңіз білетін, оқыған ақпараттарды еске түсіріңіз. Фактілер қай жерден басталатынын байқаңыз. Сіздің көзқарасыңызды жоққа шығаратын пікірлер мен фактілерге назар салмаңыз. Жақсы эссе жазушы өз тезисі үшін дәлелдерді таба алады.

4 қадам. Эссені жоспарлаңыз.

Басты ойыңызды фактілермен дәлелдеуге уақыт келді. Сіз жинаған барлық ақпаратты мұқият оқып алыңыз. Басты принциптер мен байқауларды көріп тұрсыз ба? Жазу барысында қандай тәртіпті сақтайтыңызды

ойластырыңыз. Эссе құрылымын жинақтау үшін, қысқаша жоспар құрастырыңыз, параграфтарға атау ойлаңыз.

5 қадам. Алдымен негізгі бөлімді жазыңыз.

Мәтін тезисін бекітуге көмектесетін басты үш ойды анықтаңыз. Әрбір көзқарас мысал және дәлелдермен бекітілуі тиіс. Қысқаша эсседе әрбір абзац бір ойдың мән-жайын баяндайды. Көлемді эсседе көзқарасты негіздеу үшін бір бет қажет болады. Өз жоспарыңызды сақтаңыз, сөйлемдеріңізді логикалық тәртіпке келтіріңіз. Барлық негізгі идеяларды жазып болғасын, барлық үзінділерді байланыстыратын сөйлемдермен жазыңыз.

6 қадам. Қорытынды жазыңыз.

Өз негізгі идеяларыңызды жинақтап, оқырманға қай бағдарда оқып, оларды дамыту керегін ұсыныс жасаңыз. Тезистен қандай қорытынды шығаруға болады? Қандай сұрақтар жауапсыз қалды?

7 қадам. Кіріспені жазыңыз.

Негізгі бөлім мен қорытындыны жазып болғасын кіріспе туралы ойланыңыз. Тезистік дәлелдемені түсіндіріңіз және оны қалай дәлелдейтіңізді жалпы суреттеңіз. Қарапайым сөз тіркестерін қолданбаңыз: «Эссе мына туралы...» немесе «Бұл эссе тақырыбы ...» немесе «Қазір мен сізге ...». Жалпы дәлелден бастаңыз, оны сұрақ немесе мәселемен кейін тезиспен және сіздің көзқарасыңызға қысқаша шолумен бекітіңіз.

8 қадам. Жазғаныңызды оқыңыз.

Эссені басынан аяғына дейін тексеріңіз. Бір сөйлем екінші сөйлемге дұрыс жалғаса ма? Бір абзац пен екінші абзацтағы ой ажырап кетпеген бе? Әрбір дәлел алдыңғысымен байланысты болу керек. Егер сізге ой тәртібі мен абзацтар құрылымы ұнамаса, оларды өзгертіңіз.

9 қадам. Қателерді тексеріңіз.

Мәтіндегі қателерді тексеріңіз: грамматикалық, пунктуациялық, стилистикалық. Қайталанатын сөздер, жаргонизмдерден қашқақтаңыз, пунктуацияны тексеріңіз.

Төменде берілген эссе үлгілерімен танысыңыз:

Ең қиын мамандық адам болып қалу

**Хосе Хулиан Марти**

### **Мен таңдаған мамандық**

Мамандығым –мақтанышым. Демек, мамандығыма, өмірімнің бір кетік кірпішіне мақтана аламын ба? Қазіргі таңда мамандық таңдау, таңдаған мамандық бойынша жоғары білімді, білікті маман атанып қызмет атқару міндеткерлікті, жауапкершілікті қатаң талап етеді. Әрбір адам баласының алдында болашаққа деген нық сенім мен жарқын үміт кішкене бала кезден қалыптасады. Сондай болашаққа деген сеніммен үміт менің де бала кезімде жетегімнен алды. Ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу, үлгі болу арманым, мақсатым болуының бірден-бір себебі – асқар тауым Әкешім болды. Бала күнімнен аға буын өкілдерінде, тарихшы, технолог, құқық қорғау қызметкерлері, тракторшы, тіпті ғалымның өзін тәрбиелейтін, білім нәрін

беріп, оқумен сусындататын «ұстаз» деп ой – санама түйді. Міне, менің өмірдегі бір кірпішім – мамандығымды таңдауымның себепкері осы еді.

Мамандықтың ең қиыны – адам болып қалу болса, ұстаздық – ол адам бола отырып, адам тәрбиелеу. Барлық адамдарды адам етумен қоса алғанда, барлық мамандық иелерін тәрбиелейтін, білікті маман дайындайтын ол – мұғалім. Мамандығым – мұғалім. Осы бір қастерлі екі сөзде тұңғыық терең бір ой жатыр. Ұстаздық ету өмірімнің бір басты бөлшегі. Өмірімді киелі мектепсіз елестете алмаймын. Күнделікті өміріміздегі әрбір жексенбі, яғни бір демалыс күніміздің өзі алдағы оқушыларға білім нәрін беруге арналады. Кемеңгер, алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсариндай болу, тарихта алтын әріптермен «ұстаз» есімі ойылып тұрып орын алуы әрбір ұстаздың арманы болар. Менің де өмірімдегі үлгі тұтар кейіпкерім, ұстаздарымның ұстазы, еліміздегі алғашқы білім ордасы мектептердің ашылуының негізін салушы осы – Ыбырай Алтынсарин бабамыз. Себебі әлемді тану, өз-өзінді тану бәрі-бәрі мұғалімнен бастау алады. Мұғалім – қоғамның зиялы мүшесі. Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан- жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн. Шарықтаған шабытпен, терең ойлы ұстаздан білім алған жас болашақтарымыздың алдында кез келген қамал қалай ашылмасқа?! Шәкірті қандай болса, ұстазы сол алдындағы шәкіртінің көңілінен шығатындай білім бере алатын кемеңгер, дана болуы шарт. Осы орайда Абай Құнанбаевтың: Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға, — деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Әр шәкіртіміз өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе!? ХХІ ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар , күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды , дені сау, ой өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес , тағылымы терең, ой өрісі кең, білімі бар азаматты тәрбиелеу әр мұғалімнің міндеті. Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Мұғалімнің негізгі басты мақсаты – рухани бай, іздемпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыу болып табылады.

Қорытындылай келе, мұғалім бақыты - білімді ұрпақта, абыройлы еңбекте дер едім.

### **Менің мамандығым- менің болашағым!**

Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», — деп халқымыздың ұлы ақыны, ойшылы, сазгері, қара сөздің қас шебері Абай Құнанбаев атамыз айтып кеткендей, кез келген адам «Өмір» деген атты дүниеде өз орнын табуға тырысады, яғни өседі, көреді, өнеді, тәрбиленеді. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» демекші, қалаған мамандықтарының қызығын көреді. Балалық шақта кішкене сәби жүрек қиялшыл, жақсыға құмар



еліктегіш болып келеді. Бала кезден мен армандаған мамандық-ұстаз болу еді. Қазіргі таңда сол мамандықтың иесі болып табыламын.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы.

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы.

Ұстаз болу – адамның асылдығы, - деген Ғафу Қайырбековтың өлең жолдарын оқығанда, мен өзімді бақытты сезінемін. Ұстаз болғанымды мақтан етемін. Себебі ұстаз болу- жай мамандық емес. Ұстаздық-қызық та бейнеті көп мамандық. Осы орайда менің мақсатым: тек білім қағидаларын меңгерту ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тануға, дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, қабілетті, өз көзқарасын ашық айта алатын балаларды тәрбиелеу. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалімнің бейімділігі, дарындылығы көбінесе оқушының тағдырын шешеді. Мұғалім үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, үйренсем, білсем, таныссам деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. «Ұстазсыз шәкірт тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл, ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дейді қазақ. Бұл басқа емес, дәл ұстаз, мұғалім мамандығына арнап айтылған мақал.

Қай заманның болсын мұғалімі ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегеніндей, ұстаз деген киелі мамандықтың сырын ашып, өз еңбегімнің жемісін көріп, мектеп деген үлкен өзенде жүзіп келе жатқаны — өз мамандығымды шексіз сүйуден болар. Біріншіден — өз мамандығымды сүйдім, сол өз мамандығымды сүйу арқылы өз шәкірттерімнің жүрегіне жол тауып, оларды өз істеріме сүйсіндіре білдім. Бұл мұғалім үшін үлкен қуаныш.

Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Менің ойымша, ұстаз болу — кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Нағыз ұстаз шәкірттерін «біз жақсы ұстаздан сабақ алдық» деп айтатындай дәрежеге жеткізу керек. Ұстаз сөзінің ұғымы мен үшін кең дүние. Оның ең негізгі мәні — жақсылыққа тәрбиелеу, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізуге үйрету дегенді білдіреді. Ұстаз бен шәкірт сүйіспеншілігі – адам баласының қатынастарының ең бір абзалы, әрі мағыналы, мәнді түрі.

Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр мұғалімнің борышы.. тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. К.Д. Ушинскийдің «Мұғалім — ол өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі де тоқтайды» деп бекер айтпаған. Сол үшін де ұстаздықтың қыр-сырын жетік меңгеріп, игеру жолында тынбай еңбек етуді мақсат етуде. Жүсіпбек Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген екен. Олай болса,

құрметті ұстаздар, өз мамандығын, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйе отырып, осы іске деген қызығушылықпен, әрбір ізденіс, әрбір іс-қимылымыз тек оқушыға, оның біліміне, оның болашағына ғана арналса, шәкірттеріміз сол білімді жоғары дәрежеде көрсетіп, ақылды да алғыр, қабілетті, өз көзқарасын ашық айта алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелейтініміз күмәнсіз.

### **Менің педагогикалық ұстанымым**

Ұстаз болу - жүректің батырлығы, ұстаз болу - сезімнің ақындығы, Ұстаз болу - мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы. Еліміздегі өзгерістер мен білім беру жүйесінде болып жатқан жаңалықтар «мектептің жүрегі» деп орыны айшықталған мұғалімдер алдына жауапты да маңызды міндет қойып отыр.

Абай атамыз: «бала тәрбиесіне 3 жақ әсер етеді, ата- анасы, ұстазы, және жүрген ортасы. Қайсысының ықпалы зор болса, баланың мінезі солай қалыптасады.»деген ойы ұстазға да ауыр салмақ салып тұр. Себебі баланың үш мезгілі ұстазбен өтеді. ХХІ ғасырға оқушыларды қалай даярлаймыз, қалай оқытамыз, білімді қалай береміз, міне, осы сұрақтар мұғалімді күнде мазалап жүруі керек.

Мектептегі оқушыларға сапалы білім беру нәтижесі мұғалімнің ұстанымына байланысты. Ұстаным дегеніміз не? «Психологтар «ұстаным»» ұғымын адамның іс- әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны жеке тұлғаның негізгі құндылығы есебінде атап көрсетеді. Менің педагогикалық ұстанымым оқушыларға әділ болып, олардың білім сапасын көтеру болып табылады. Әрине, тек өз пәнінді жақсы білетін маман болу аз, оқушылардың жанын түсінетін адал, шыншыл тәрбиеші болу да қажет. Шәкірттеріміз мектепте алған білімін қоғамда қолдана білсе, нұр үстіне нұр емес пе?! Алдымызда мөлдіреп отырған бүгінгі оқушылар, ертеңгі қоғамның мүшелері. Бірі- дәрігер, бірі- экономист, бірі- тілші болып, ұлы Абайдың сөзімен айтқанда, қоғамда кірпіш болып қаланады. ХХІ ғасырда жаңа технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқанда, оқушыларымыз да сол технологияларды үздік игеретін, заман талабына сай шәкірттерге білім беруіміз керек. Сондықтан да мұғалім мамандығына талап жоғары болады. Әр адам әлпештеп өсірген ұл мен қызын мектепке жетектеп әкеліп, мұғалімге зор сенім артады. Қарапайым сөйлеу тілін игеріп келген балаға әдебиетіміздің қайнар бұлағы - сөз әлемінің сиқырлы тілін үйретемін.

### **2 № 2 СӨЖ: «Қазақстандағы экологиялық ахуал» тақырыбына дөңгелек үстел (ауызша, топтық жұмыс)**

Жұмыстың мерзімі: 1 ай.

#### **Жұмыстың мақсаты:**

Студенттердің жұрт алдында сөйлеу шеберлігін қалыптастыра отырып, қоғамдағы өзекті мәселелерге өз көзқарасын білдіре алу мақсатында дөңгелек

үстел өткізу. Талқыланған тақырыптары бойынша сипаттама, шолу, талдау салыстырма, қорытынды жасай білу дағдыларын қалыптастыру.

**Жұмыстың кезеңдері:**

- топқа бөлініп, тақырып таңдау;
- берілген тақырып бойынша топ болып материал іздеу;
- материалды іріктеп, сұрыптау;
- қорытынды қорғау.

**Көрнекі құралдар:** буклет, каталог, кесте, слайд-шоу, плакаттар, бейне роликтер.

**Қойылатын талаптар:**

- жұмысқа топ мүшелерінің толықтай қатысуы;
- дөңгелек үстел мақсаттары мен міндеттерін білу;
- тақырыптың өзектілігін ашу;
- әдеби тіл нормасы мен сөз әдебін сақтау;
- уақытынан кешіктірмей қорғау.

**Жұмыстың барысы:** Жұмыс дөңгелек үстел түрінде өткізіледі. Студенттер 2-3-тен топқа бөлініп, оқытушы алдын ала берген тақырыптарды таңдап, пікірталасқа дайындықпен келеді. Әр студенттің өз ойын нақтылай алуы, қарсы пікірлерді айта білуі, талқыланған тақырыпқа сәйкес кәсіби және термин сөздерді пайдалана алуы; сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығы, шешендік қабілеті, жұрт алдында өзін - өзі ұстай алуы мен сөз әдеби бағаланады. Студенттер өз ойларын жеткізу барысында өздері жүргізген сауалнамалар мен бейне роликтерді пайдалана алады. Көмекші құрал ретінде алдын-ала сауатты жасалған слайд материалдарын қолдануларына болады. Дөңгелек үстел тақырыптарын талқыламас бұрын, ең алдымен дөңгелек үстелді өткізу тәртіптерімен жете танысулары керек.

Дөңгелек үстел тақырыптарын оқытушылар ұсынады, сонымен қатар студенттер ұсынылған тақырыптардан бөлек өздеріне ұнаған қоғамымызда орын алып жатқан кез келген өзекті мәселелерді талқылауларына болады.

**Студенттерге ұсынылатын дөңгелек үстел тақырыптары:**

1. Қазақстанның экологиялық аймақтары.
2. Қазіргі кездегі экологиялық зардаптар.
3. Қазақстандағы экологиялық проблемаларды шешу жолдары.
4. Экология- бүкіл әлем тағдыры.
5. Экология ғылымының қазіргі кездегі өзекті мәселелері.
6. Қазіргі заманғы қоғамның экологиялық-экономикалық даму аспектілері.
7. Экологиялық сараптама.
8. Қазақстандағы ауа, су, топырақтың экологиялық жағдайы.
9. Экологиялық қозғалыстар.
10. Қазақстанның экологиялық картасы.
11. Ғаламдық экологиялық мәселелер.
12. Жергілікті экологиялық мәселелер.

13. Экологияны қалай жақсартамыз?
14. Өз аймағыңыздың экологиялық мәселелерін шешу жолдарын ұсыныңыз.
15. Экологиялық мәселені шешуге қосатын менің үлесім.
16. Шығыс Қазақстанның экологиялық проблемалары.
17. Маңғыстаудың экологиялық ахуалы.
18. Қазіргі кезде Қазақстанда қалыптасқан экологиялық мәселелерді шешу жолдары.
19. Байқоңыр ғарыш айлағының экологиялық мәселелері.
20. Экология – қазіргі заманның басты мәселесі.
21. Алматы қаласының экологиялық проблемасы.
22. Теміртаудың экологиясы.
23. Атмосфералық ауаның ластануы және оны қорғау.
24. Экологиялық мәдениет.
25. Экологиялық ұйымдар.
26. Экологиялық тәрбие.
27. Құрлық суларының экологиялық мәселелері.
28. Экология – табиғат жүрегі.
29. ҚР экологиялық дағдарыс және экологиялық апаттық аймақтар.
30. Биотехнологияның экологиялық мәселелері.
31. Қоршаған ортаның химиялық және радиациялық ластануы.
32. Ғарыш және экология.
32. Экология – халық тағдыры.

Дөңгелек үстел үлгісімен төменде көрсетілген сілтемелер арқылы танысуларыңызға болады [2].

Дөңгелек үстел – білім алушыларға белгілі бір мәселені барынша кеңейтіп, ақпарат алуды арттыруға әсер ететін және олардың өзіндік көзқарасын бекемдейтін, әрі олардың танымдық қызметін ұйымдастырудың белсенді формаларының бірі, пікірталасты мәдениетті түрде логикалық және шығармашылық тұрғыдан жүргізе білуге тәрбиелеудің төте жолы. Дөңгелек үстел нақты проблеманы шешу кезіндегі ақпараттық сипаттағы семинар-дискуссияның ерекше бір түрі болып саналады.

Дөңгелек үстелдің белгілі бір мақсаты болады. Сол себепті оның жұмысы нақты жоспар бойынша ұйымдастырылуы керек. Дөңгелек үстел семинар-сабақтарының басты мақсаты қатысушыға ең құнды, ең мәнді ақпарат беру және талқыланатын тақырып бойынша пікір алмасу болып табылады. Бұндай талқылаудың нәтижесінде алынған тақырып бойынша белгілі бір шешім шығарылмайды, қатысушылардың ұстанымдары туралы тек өзара ақпарат алмасады. Алайда дөңгелек үстелдің ерекшелігі – оның қатысушылары өзекті мәселенің шешімін бірігіп табуды көздейтіндігінде. Демек, дөңгелек үстел (шеңбер) – бірліктің символы.

Дөңгелек үстелде сөз бір студентке бірнеше рет айналып келуі мүмкін. Келесі сөйлегенде студенттер алдындағы ойларын қайталамай, оларды ары қарай жалғастыруы және басқалардың пікірін ескеріп отыруы қажет.

Кез келген дөңгелек үстелдің негізгі элементі модерация болып табылады. «Модерация» термині итальян тілінен аударғанда «moderare» сөзі «жұмсарту», «жібіту, жұмсарту», «тежеу», «ұстамдылық», «кұрықтау» деген мағына береді. Дөңгелек үстел жүргізушісін модератор деп атайды. Модератор (жүргізуші) міндеті – дөңгелек үстелді бастап, қатысушылар құрамы мен іс шара тақырыбын таныстырып қана қоймай, барлық жұмысты бастан аяқ қадағалап отыру. Сонымен қатар жүргізуші талқыланып отырған мәселеге қатысты ақпаратпен алдын ала танысып, берілген регламентті сақтау үшін дау тұғызып отырған мәселені жылдам басқа арнаға бұрып әкету шеберлігіне ие болуы керек.

Дөңгелек үстелді өткізудегі ең маңызды мәселе күн тәртібін сақтау.

Дөңгелек үстел өткізу кезеңдері:

I кезең – дөңгелек үстел өткізуге дайындық қадамы;

II кезең – дискуссиялық, яғни тақырыпты талқылау кезеңі;

III кезең – дискуссиядан кейінгі қорытынды кезең.

**Дайындық кезеңі:**

А) Тақырып таңдау (тақырып өзекті әрі, қайшы пікір туғызатындай болуы керек).

Б) Мақсатын нақтылау.

В) Қатысушыларды таңдау.

Г) Модераторды (жүргізуші) таңдау.

Д) Тақырыпты қатысушыларға алдын ала беру.

Е) Өткізілетін орынды дайындау (қатысушыларға шеңбер құрып отыру ұсынылады).

**Тақырыпты талқылау кезеңі**

Тақырыпты талқылау барысында келесі жағдайлар орын алмау керек:

- қатысушылардың тең құқығын бұзу;
- бір-бірін үгіттеу;
- біреудің көзқарасын дәлелсіз жоққа шығару;
- жүргізушінің өз пікірін білдіруі.

Бұл кезеңде жүргізуші дөңгелек үстел тақырыбын хабарлап, қатысушыларды анықтайды, талқыланатын мәселемен қысқаша түрде таныстырады. Қатысушылар «проблемалық тұстарды» айқындап, бірінші кезектегі сұрақтарға жауап іздеп талқыланатын тақырыптың мағынасын толық түсінуге тырысады. Тақырыптың даулы тұстары анықталып, мәселенің шешімін табуға кедергі келтіретін мәселелер сөз болады. Әрбір қатысушы өзінің жеке көзқарасын ортаға салып нақты дәлел келтіреді.

**Қорытынды кезеңі:**

А) Дөңгелек үстел мақсаты мен міндетін еске түсіру.

Б) Талқыланған мәселе бойынша қатысушылардың қорытынды пікірлерін тыңдау.

В) Барлық қатысушылардың ортақ немесе соған жақын жалпы ұстанымдарын қалыптастыру.

Г) Талқылау барысында жеткілікті деңгейде қамтылмаған мәселеге

қатысушылардың назарын аударып, барлық қатысушыларға алғыс білдіру.

Дөңгелек үстелдің кейбір өзіндік ерекшелігіне назар аударған жөн. Біріншіден, ақпараттың жандануы. Дискуссия үстінде қатысушылар жалпы көзқарасты емес, өзінің жекелей пайымын айтады. Ол өз бетімен аяқ астынан ойға оралып, ақырына дейін түйінделмеуі де мүмкін. Сондықтан, осындай ақпаратқа байыппен қарап, оның ішіндегі ең құндысын, ең сенімдісін басқа дискутанттардың пікірімен салыстыра отыра, шұғыл түрде қолданып, көрсете білу керек.

Екіншіден, аталған семинар-сабақтың көп дауыстылығын (полифониялығы) атап өтуіміз қажет. Дөңгелек үстел кезінде іскерлік шу бой көрсетіп, көп дауыстылық орын алады. Ол өз кезегінде шығармашылық пен өрелік ахуалдың, тақырыпқа қызығушылықтың орнауына өз көмегін тигізеді. Осы көп дауыстың ішіндегі ең «бастысына» назар аудару керек. Сол арқылы осы негізде өз ойын білдірем дегендердің барлығына өз пікірлерін айтып шығуына мүмкіндік беру қажет. Тап осы жағдай дөңгелек үстелдің ерекшелігі болып табылады. Сонымен дөңгелек үстел – өрелі оқушылардың семинар-сабақ үстінде өзара ақпараттық қарым-қатынас жасау процесі, онда тек ақпарат алмасу ғана емес, өзінің жеке позициясын қорғау мен өзгенің пікірін мойындау, жоққа шығару, бейімдей түзету де орын алады. Осылайша қажетті жаңа ақпараттық кеңістік пайда болып, жүргізуші ұстаздар тарапынан жаңартпашылық нұсқаулар мен шешімдер қабылданады. Дөңгелек үстел дәстүрлі сабақтардан көп ерекшеленеді, атап айтқанда қайталау сабақтарынан бөлектенеді. Дискуссия кезінде дискустант әуелі «өзі үшін», содан кейін «өзгелер үшін» түйіндеулер іздестіріп, сол арқылы өз ойын өзгелерге мойындатады. Сонымен дөңгелек үстелдің негізі – ақпарат пен қарым-қатынас жасау болып табылады.

Дөңгелек үстелде төмендегідей ережелерді ұстанған жөн:

- біреудің сөзін бөлуге болмайды;
- басқаның пікірін сыйлау керек: келіспеушілікті сөз, мимика, ишара, интонация арқылы білдіруге болмайды;
- берілген уақыт шеңберінен аспау керек;
- бірнеше рет сөйлеген жағдайда бұрын айтылған ойды қайталамай, оны ары қарай жалғастыру керек;
- туындаған сұрақтарды дөңгелек үстел соңында ғана қоюға болады.

Дөңгелек үстелдің қатысушысы төмендегідей *тілдік формулаларды* қолдануына болады:

- *бұл мәселе жөнінде мен... айтар едім;*
- *менің ойымша (пікірімше)...*;
- *менің байқауымша,...*
- *менің есебімше,...*;
- *...деген жалпы пікірге қосыла отырып,...*;
- *...деген дөңгелек үстел қатысушыларының ойымен келісуге болады, алайда...*;
- *мен мәселенің мына тұсына көңіл аудару керек деп санаймын...*;

- менің көзқарасым бойынша, мәселе тереңде жатқан сияқты;
- мен... пікірін басшылыққа ала отырып, ... деп санаймын;
- менің негізгі ойым...;
- менімше, бұл мәселенің шешімі - ...
- мен... деген ... сөздеріне сүйене отырып, ... деп есептеймін;
- ... қарағанда, біз басқа жолмен жүруіміз керек сияқты...;
- ... деп бекер айтылмаған шығар, сол себепті...;
- ... деген пікірмен келісу қиын, біріншіден..., екіншіден..., үшіншіден...;
- ... деп ойымды қорытамын;
- ... деген тұжырым жасағым келеді;
- менің сөзімнің тобықтай түйіні...;
- осылайша,... деген қорытынды жасаймын;
- сонымен, мен ойымды ... деп қорытындылаймын.

### **Дөңгелек үстел тақырыбы: «Үш тіліді білу-заман талабы»**

**Мақсаты:** Елбасы бағдарлап берген межелерге жету жолдарын талқылауға салу, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру. Патриоттық сезімін оятып, тілін, Отанын, елін, жерін сүйуге, салт - дәстүрін, тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** тіл туралы ұлылар ойлары, баспасөз материалдары, слайдтар.

**Түрі:** дөңгелек үстел.

Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығын ең негізгі ұйытқы болған - оның ғажайып тілі. (Н. Назарбаев).

Ұлттық руханиятымыздың өзегі - тіл. (Әбіш Кекілбаев).

Қазақ тілі - қазақтың маңдайындағы жалғыз жарық жұлдызы. (Асылы Осман).

Халықтың мәңгі ғұмыры оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін Ұлы (Ш. Айтматов).

### **Дөңгелек үстелдің барысы. Кіріспе сөз:**

Құрметті бүгінгі дөңгелек үстелге жиналған қонақтар, тіл жанашырлары! Сіздерді өткір тілді, дархан пейілді, қазақ елінің «Тілдер мерекесі» күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Дүбірлетсін өңірді,

Дүрілдетсін дүлдүлі.

Қазақ деген елімнің

Құтты болсын, бұл күні!- дей отырып, дөңгелек үстелімізді ашу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалсын.

1. Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

2. Жүргізуші сөзі.

Қазіргі таңда еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып бекітілді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы

Заңы» күшіне енді. Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз – тіліміз. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі», — деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай кез - келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ. Осындай атаулы күнде бәріміздің де мерейіміз өсіп, қойынымыз қуанышқа толып отырғаны сөзсіз.

Қуан далам, қуанатын күн бүгін.

Серпіп таста мұңды көңіл түндігін.

Тіл туралы заңым енді күшіне.

Паш еткендей кескен жаңа кіндігін.

Қуан халқым, күшіне енді тіл заңы.

«Сүйінші» деп ақындарың жырлады.

Ел елдігі сыналады тілімен.

Сол арқылы жайқалады гүл бағы, - дегендей, Тіл апталығы аясында өткізіліп отырған "Үш тілід білу-заман талабы" атты дөңгелек үстел басындағы ой бөліске қош келдіңіздер!

Ей, тәкаппар дүние,

Маған да бір қарашы,

Танимысың сен мені.

Мен қазақтың баласы! - деп ақын Қ. Аманжолов ағамыз айтқандай осы дөңгелек үстелдің арнайы қонақтарымен таныстырып өтемін.

3. Дөңгелек үстелімізді бастамас бұрын «Тілім менің ғасырлардан аманат» тақырыбына арналған слайд - шоуға назар аударайық.

4. Дөңгелек үстелдің мақсатымен сұрақтарына тоқталып өту.

Бүгінгі жас ұрпақ - мемлекеттің болашағы, ертеңгі күннің азаматы. Ал, оның бақытқа жетер даңғыл жолы - туған Отанын, туған тілін сүюден басталады. Сондықтан да, бүгінгі дөңгелек үстелдің мақсаты - ұлтшыл емес, ұлттық сана - сезімі мол, Отанын, ана тілін өз анасынан кем сүймейтін азамат пен азаматша тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімін ояту.

Қазіргі заман жеке адамдардың ғана емес, тұтас ұлттардың да өткеніне үніліп, болашағын бағдарлауға жол ашты. Ендігі жерде қазақ тілінің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда, сіз бен біздің қолымызда. Сондықтан бүгінгі дөңгелек үстелде талқыланатын сұрақтарға назар аударайық.

Дөңгелек үстелде талқыланатын сұрақтар:

1. Мемлекеттік тілдің қазіргі таңдағы жағдайы қандай?
2. Мемлекеттік тілдің дамуын тежеп тұрған не?
3. Тілдің үш тұғырлығы.
4. Жаһанданудағы тілдің көрінісі, орны қандай болуы керек?
5. Әр сұрақтан кейін қатысушылардың жауаптары, пікірлері тыңдалады.
6. Қорытынды сөз.



Бүгінгі дөңгелек үстеліміз өз мәресіне жетті. Егеменді еліміздің тұғыры қашан да тіліменен биік. Тіл тағдыры туралы көкейді тескен көл ойлармен сусындадық. Туған тіліміз - тұғырымыз. Бұл сіздердің басқа тілді меңгерулеріңізге ешқандай бөгет болмайды, қайта адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер - сол ана тілің. Ана тілінің бүге - шүгесіне, терең иірімдеріне бойлай білу - саналы азамат болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол - туған жерді, отанды, ата мекенді сүйе білу деген сөз. Осы азғантай уақыттағы айтылған сөз, өнер толғаған сезім, ұлылардан қалған ой - пікірлерді көкіректеріңізге мәңгі қалдырыңдар дей отырып Абайдың мына сөзімен аяқтағым келіп отыр.

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз.

Көңіл бөліп тыңдағандарыңызға көп - көп рахмет!

**Дөңгелек үстел тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы**

Дөңгелек үстелдің мақсаты: студенттермен мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, осы мамандықты таңдау себебін ортаға салу.

Қолданылатын көрнекіліктер: слайд-шоу, бейнероликтер, мамандықтар тізімі.

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 - ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады?

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді. Әлемде мамандықтардың түр-түрі бар деп жатырмыз. Әлемде көргенге қызық, таңқалдыратын ең қызықты мамандық түрлері, ең қауіпті мамандықтар, ең сұранысқа ие мамандықтар, ең жоғары жалақы алатын мамандықтар бар.

**Бейнеролик:** ең қызықты мамандықтар.

**Сұрақ.** Осы бейнероликке байланысты бірнеше сауал қойғым келіп отыр. Яғни, басқа да қандай қызықты мамандық түрлерін білесіздер. Қызықты мамандықтар тек қана өзінің ерекшелігімен ғана қызықты ма, әлде әрбір тұлға өз мамандығын қызықты етуі керек пе?

Статистиктердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12 %- і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма? Әлде өзінің игерген мамандықтары бойынша біз бен сіздер қызмет етіп, оқып жүрген Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжінің бірқатар студенттері өз кәсіптерін нәсіп етіп жүргендері де бар арамызда. Осы сөзімізге дәлел боларлықтай бейнеролигімізге назар аударсақ. (Бейнеролик ұсынылады).

**Сұрақ.** Осы аталған статистикалық мәліметтер мен шынайы өмірлік мысал арасындағы салыстырмалы нәтижелерді қалай бағалар едіңіздер? Ой бөліссек. Болашақта Қазақстан нарығы мен дамуына қажетті сұранысқа ие 10 мамандық түрі бар. Олар:

- 1) Инженерлер.
- 2) IT саласының мамандары.
- 3) Нанотехнология.
- 4) Электроника және биотехнология мамандары.
- 5) Маркетологтар.
- 6) Қызмет көрсету бойынша мамандар.
- 7) Логистер.
- 8) Экологтар.
- 9) Дәрігерлер.
- 10) Химиктер.

Дүниеде, өмірде мамандық таңдауда әртүрлі факторлардың әсер ететіні белгілі. Олай болса Е.А. Климов бойынша мамандық таңдаудағы 8 фактордың болатынын атап көрсеткім кеп тұр:

***1. Жанұядағы үлкен адамдардың әсері.***

Сенің өмірің үшін өзіне нақты жауапкершілік артатын үлкендер де бар. Бұл қамқорлық сенің болашақ мамандығың туралы мәселеге де қатысты.

***2. Дос-жарандарыңның көзқарасы.***

Сенің жасыңда достық ұғымы өте биік, әрі берік және сенің мамандық таңдауыңа үлкен әсерін тигізеді. Тек жалпы кеңес беруге болады: сенің қызығушылығыңа сәйкес және өзің өмір сүретін қоғам талабына сай болатын шешім дұрыс болмақ.

***3. Мұғалімдер мен мектеп ұстаздарының көмегі.***

Мектеп қабырғасында оқушының оқу үрдісіндегі және сабақтан тыс белсенділігін бақылай отырып, тәжірибелі ұстаз сен туралы өзің байқамай жүрген қабілеттерді көреді. Білікті ұстаз сенің жаныңа жағатын мамандықты таңдауға көмектесе алады.

***4. Жеке кәсіби жоспарлар.***

Бұл жағдайда, жоспар деп отырғанымыз- сенің кәсіпті меңгеру сатылары туралы түсінігің.

***5. Қабілет.***

Өзіңнің қабілетіңнің жан- жақтылығын білімде ғана емес, басқа да түрлі әрекет жетістіктерінен байқауға болады.

***6. Қоғамдық құрметке деген ықылас деңгейі.***

Өз еңбек жолыңды жоспарлай отырып, өз ықыласыңның нақты мүддесін қорғау өте маңызды.

***7. Ақпараттандырылғандығы.***

Сен таңдаған мамандық туралы мәліметтер дұрыс, нақты әрі көп жақты болуына сен толық сенімді болу керексің.

***8. Әуесқойлығы.***

Әуесқойлық өзіңе ұнайтын және көп уақытыңды соған бөлетін істарде байқалады. Бұл - нақты қабілеттерге байланысты қызығушылықтар.

**Сұрақ.** Осы аталған факторлардың қайсысы сіздің өмірлік мамандықтарыныңызды таңдауға әсер етті. Немесе осы мамандыққа келуге сізді не итермеледі? Мотивация қалай жүрді. Өз ісінің нағыз маманы атану үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, өз жұмысынан ләззат алады.

Қорытынды. Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.

### **3 № 3 СӨЖ: «Туған жерге саяхат» тақырыбы аясында постерлік баяндама дайындау**

Жұмыстың мерзімі: 1 ай.

**Жұмыстың мақсаты:** білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту, олардың ғылыми ізденістерін қолдау, білім мен ғылымның интеграциясын дамытуға ықпал жасау. Студенттердің жұрт алдында сөйлеу дағдысы мен шешендік өнерін дамыту.

**Жұмыстың кезеңдері:**

- тақырып таңдау;
- берілген тақырып бойынша материал іздеу;
- материалды іріктеп, сұрыптау;
- қорытынды қорғау.

**Көрнекі құралдар:** графика, сурет, схемалар, фотосуреттер, кестелер және т.б.

**Қойылатын талаптар:**

- жұмысқа топпен қатысу қарастырылмаған, әр студент бір постерлік баяндама жасайды;

- қатысушыға берілетін уақыт – 5 минуттан 7 минутқа дейін;
- тақырыптың өзектілігін ашу керек;
- тақырыпқа байланысты иллюстративті материалдар (график, сурет, сұлбалар, фотосуреттер, кестелер және т.б.) постерде болуы міндетті;
- уақытынан кешіктірмей қорғау қажет;
- постерлік баяндаманың қағаздағы нұсқасын А4 форматында шығарып әкелу керек;

- постерлік баяндамаларды талқылау барысында студент берілген сұрақтарға толық жауап беруі тиіс.

**Бағалау өлшемдері:**

- баяндаманың зерттеушілік сипаты;
- сұрақтарға толық және айқын жауап беруі;

- ауызша жеткізе алу шеберлігі: ойын анық және қисынды жеткізе алуы;
- баяндаманың тартымдылығы ескеріледі.

**Студенттерге ұсынылатын постерлік баяндама тақырыптары:**

1. Туған өлкем, қандай көркем
2. Қасиетті Жидебайдағы экспонаттар
3. Туған жер-тұғырың
4. Туған өлкемнің табиғаты
5. Туған өлкем-мақтанышым
6. Туған жер-алтын бесік
7. Көкшетау жері – ежелгі бабалар қонысы
8. Сыр бойы – тұнған шежіре
9. Туған жердің ауасы да шипа
10. Мұнайлы ел
11. Жер жәннаты Жетісу
12. Емдік қасиеті мол Алакөл
13. Көрген көзді таңқалдырар Балқаш
14. Арқаның кербез сұлу Көкшетауы
15. Арқаның асыл алқасы - Баянауыл
16. Марқакөл – Табиғат –Ананың сыйы
17. Атыңнан айналайын Қарқаралы
18. Қазақстанның көрікті жерлері(Көкшетау, Алматы, т.б.)
19. Қазақстанның тарихи орындары(Түркістан, Отырар, Ақмешіт, т.б.)
20. Тарихы терең Талдықорған
21. Қанатын жайған – Қарағанды
22. Ақтөбе – Батыс аймақтың бас қаласы
23. Өскемен – өскен елім
24. Ақжайығым – атамекенім
25. Тараз – қазақ мәдениетінің алтын бесігі

**Постерлік баяндама үлгісімен төменде көрсетілген сілтеме арқылы танысуларыңызға болады.**

Жалпы алғанда, постер дегеніміз не? Постер - топтық жұмыстың, топтық талқылаудың нәтижесін көрсететін құрал, тәсіл. «Постер» сөзі ағылшын тілінен аударғанда - «жабысып, ілінген» дегенді білдіреді, кеңестік кезеңдегі немістің «das Plakat» немесе француз тілінің «affichage» сөзімен белгілі. Жарнамалық постерлер, әуелден-ақ, көрермендер киноға билет сатып алу үшін коммерциялық мақсатта шығарылғанын ұмытпау керек. Бір ғасырдан астам уақыттан кейін де ештеңе өзгерген жоқ, тек бүгінде графикалық дизайнерлердің көз тартар құралдары көбейді. Дегенмен, постерді жасаудың негізгі жиынтығы өзгеріссіз қалды - сурет, атау, негізгі сөз тіркесі және фильм жасаушылардың есімдері жазылған блок. Әрбір дизайнер бірнеше ережелердің көмегімен көрерменді қызықтыру үшін аталған элементтерді

күрделі етіп біріктіреді. Постер жасаған жағдайда, оның мазмұнына мұқият болған жөн. Постерге жинақтаған мәлімет негізінде туындаған жаңа ой, пікір, түсінік, ұғымды (мәселен, ереже, формула, проблема шешудің жолы, анықтама, тізім, алгоритм жасау арқылы) көрсету керек. Екіншіден, постер мазмұнды, мағыналы, құнды болу үшін оны жасауға көп уақыт берген жөн. Басқаша сөзбен айтқанда, постер жасау – кең ауқымды әрекет болуы керек. Постер жасауда білім алушылар Блум таксономиясының барлық дерлік деңгейлерімен өздігімен «жүріп» өтуі керек. Алдымен олар материалмен танысып, оны оқып шығуы керек («Білу» деңгейі), осыдан соң топ ішінде оқығандарымен бөлісіп, өз ойларын ортаға түсіреді («Түсіну» деңгейі), бұдан кейін оқушылар постерлерді жасауға кіріседі («Қолдану»), қандай мәселелерге тоқтау қажеттігін, қалай қорғау, не айту керектігін айқындайды, басқа топтардың постерлерімен салыстырады («Талдау»), постерлерді оқулықтан тыс жасауға, өз түсініктері мен ұйғарымдарын келтіруге, жаңа ұғымдар құрастыруға тырысады («Жинақтау»), өз постерлерінің ұтымды және жақсартуға қажет жақтарын айқындайды, постер жасау барысында не үйренгендігін, оның олардың танымында қандай орын алғандығы туралы ой толғайды («Бағалау»).

Постерге қойылатын талаптар мынандай болуы ықтимал:

1. Оқулық мазмұнын қайталамай, өзіндік ой, пікір, ұстаным келтіруі керек.

2. Әр қатысушының үлесін көрсету керек.

3. Постердің мазмұны:

- проблеманы анықтауға емес, проблема шешуге бағытталуы керек;

- ниет пен тілек болмай, нақты ұсыныс болғаны шарт;

- сипаттау болмай, талдау болуы керек;

- еске түсіріп емес, ойландырғаны дұрыс;

- «Қандай?» деген сұраққа жауап бермей, «Қалай? Қалай жасау керек?»

деген сұрақтарға жауап беруі қажет.

4. Қорғау кезінде постерге жазылғандар оқылмай, оларға түсініктеме беру керек.

5. Бір топ қорғағанда, қалғандары кері байланыс беруге дайындалып отыруы керек.

6. Кері байланыс талдау түрінде болып, әр тұжырымды дәлелдеп беруі керек.

7. Егер постерлер бір тақырыпта жасалған болса, онда барлығының қорғауы шарт емес: тек бір постер жан-жақты талқыланып, қалған постерлерге қорғау нәтижесінде туындаған мәселелерді ескеріп, түзетулер енгізуді тапсыруға болады.

Постер жасау жұмысы үш кезеңнен тұрады:

а) постерді қалай жасау керектігін оқытушының берген нұсқаулығы бойынша топ ішінде талқылау;

б) постерді жасау;

в) постерді жариялау (қорғау керек), оның қалай орындалғанын талдау.

#### **4 № 4 СӨЖ: «Табысты маман, оған жетудің жолдары» тақырыбы бойынша ойталқыға дайындалу**

Жұмыстың мерзімі: 1 ай.

**Жұмыстың мақсаты:** студенттерді шешен сөйлеуге, ойын жүйелі, еркін дұрыс жеткізуге үйрету, ойлау қабілетін ауызша және жазбаша талдаулар арқылы дамыту, көпшілік алдында қысылмай сөйлей білуге дағдыландыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Студенттердің топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, олардың өз көзқарастарын дәйектеп, тұжырымдап айта алу біліктілерін жетілдіру.

##### **Жұмыстың кезеңдері:**

- берілген тақырып бойынша материал жинау кезеңі;
- материалды іріктеп, сұрыптау;
- өзара пікірлесу кезеңі;
- қорытынды қорғау.

##### **Қойылатын талаптар:**

- ұсынылатын тақырып алдын-ала белгіленеді;
- жұмысқа топпен қатысу қарастырылған;
- қатысушылар саны үш-төрттен онға дейін болуы мүмкін;
- қатысушыға берілетін уақыт – 5 минуттан 7 минутқа дейін;
- тақырыптың өзектілігін ашу керек;
- бірнеше адам баяндама, хабарлама да жасауына болады.

«Ойталқы» сөзі латын тілінен алынған «disputatio», мағынасы – «ой жүгірту», «жарыс сөз», «айтыс». Ойталқы - ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптардың төңірегінде көпшілік арасында өтетін сөз жарысы, әр түрлі көзқарастың, ой-пікірдің ортаға салынып, көпшіліктің талқысына түсуі. Сөз жарысына қатысқандар белгілі бір пікірге тоқталады. Ойбөліс -француз сөзі «debat», мағынасы – «айтыс», «жарыссөз». Ойталқы - қоғамдық маңызды мәселені талқылау, жиылған топқа талқылауға ұсынылар сөз таласы. Ойталқының басқа пікірталастардан ерекшелігі талқылауға түскен мәселенің қойылысы, мақсаты түпкі нәтижесі, т.б сипаттарынан танылады. Ойбөліс - көпшілік алдында екі адамның не екі топтың бірдеңе туралы ой пікірлерін ортаға салуы. Сөзталас - орысша «прения», мағынасы бір нәрсені, қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас, ойбөліс сияқты, баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады. Айтыс – қазақтың сөзі екені белгілі. Мағынасы – екі адамның, екі топтың арасында суырып салма өлеңмен кезектесе айтылатын сөз жарысы, өнер сайысы. Пікірталас оқу полилогі түрінде өтіп, студенттердің коммуникативтік машықтарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Пікірталасқа қатысу үдерісінде білім алушылардың тіл мәдениеті қалыптасады.

Топтық ойталқының бірнеше сатылары болатыны белгілі, оның жалпы реті төмендегідей болып келеді:

1. Бағдарлау. Бұл кезеңде пікірталастың тақырыбы мен мақсаты анықталады. Ұсынылатын тақырыптың барлық қатысушыға теңдей түсінікті әрі өзекті болғаны тиімді. Керісінше болған жағдайда ондай әңгімені қозғаудың өзі мәнсіз.

2. Ақпараттарды жинау. Бұл кезеңде қатысушылар қарастырылатын мәселеге қатысты өз ойларын, сезімдері мен пікірлерін білдіре алады. Егер пікірталас нақты бір мәселенің шешімін табуды көздесе, онда қатысушылардың қай-қайсысына да өздері ойлаған барлық шешімдерді ортаға салуға мүмкіндік берген жөн. Мұндайда сыни көзқарастардың (яғни «миға шабуыл» әдісін қолдану арқылы) өрістетуіне де шеек қойылмауы тиіс, сонда ғана ол өз мақсатына жақындай түспек.

3. Талқылау барысында алынған ақпараттарды реттеу, негіздеу және бірлесе бағалау кезеңі. Бұл кезеңде талқылауға қойылған мәселені шешудің бұрын ұсынылған нұсқаларына сыни талдау жасалады.

4. Ойталқының аяқталуы: қорытындылар шығару, талқылау барысында алынған нәтижелерді өзара салыстыру. Егер нақты мәселе талқыланса, онда оны шешудің тәсілдері атап көрсетіледі.

Әдетте, ойталқыға дайындалу барысында студент интернет қорын, ғылыми еңбектерді, мерзімді баспасөз материалдарын, әдеби шығармаларды, сөздіктерді, анықтамалықтарды т.б. дереккөздерді, сондай ақ жеке өз тәжірибесінен мысалдарды қолданады. Айтылым мәтінінің сапасы төрт негізгі компоненттен тұрады: ойдың ашықтығы, түсініктілігі, сауаттылығы, сәйкестігі. Студент айтқысы келген идеяны нақты және сауатты жеткізуі керек. Білім алушылар пікірталас тақырыбы бойынша мәселені шешу жолдарын іздегенде келесідей бағыттарда ой қорытуы керек: мәселені айқындау (сипаттау); мәселенің себептерін анықтау; мәселені шешу жолдарын көрсету; дәлелдер келтіру (негіздеу). Студенттер ойталқы барысында өз көзқарастарын жан - жақты нақтылап, дәлелдей білуі керек. Сол себепті оларға алдын - ала «менің ойымша»; «менің байқауымша...», «...деген жалпы пікірге қосыла отырып...», «менің негізгі ойым...», «...деген тұжырым жасағым келеді» т.б. тілдік оралымдарды ұсынған тиімді.

## **5 № 5 СӨЖ: «Латын әліпбиі – өркениет бастауы» тақырыбына презентация дайындау**

Жұмыстың мерзімі: 1 ай.

**Жұмыстың мақсаты:** студенттердің жұрт алдында сөйлей білу дағдысын қалыптастыру мақсатында берілген тақырыпқа сәйкес материал негізінде тақырыпты таныстыру.

**Жұмыстың кезеңдері:**

- берілген тақырып бойынша материал іздеу;
- материалды іріктеп, сұрыптау;

- қорытынды қорғау.

**Қорғауға қойылатын талаптар:**

- тақырыптың өзектілігі;
- тақырыпты ашу;
- ойын жеткізе білу (тілдік құралдарды пайдалану деңгейі);
- аудиториямен қарым-қатынас орнату.

**Қойылатын талаптар:**

- жұмысты А 4 форматында 14 шрифтпен басу;
- сыртқы бетін стандартқа сәйкес ресімдеу;
- жұмыстың мазмұнын, қолданылған әдебиеттер тізімін көрсетуі тиіс;
- жұмыс уақытында өткізілуі керек.

Коммуникативтік әдісті басшылыққа ала отырып, заманауи еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, тілдік біліктілігі жоғары, өмірдің барлық салаларына еркін араласып, мемлекеттік тілде жазбаша және ауызша ой-пікірін еркін білдіре алатын тілдік тұлға қалыптастыру мақсатында оқытылатын қазақ тілі пәнінен № 5 сөз тапсырмасы ретінде презентация дайындау тапсырылады. Презентацияға дайындық барысында студент берілген тақырыпқа қазақ тілінде жүйелі талдау жасай отырып, өз ойын еркін жеткізуге және сипаттама, салыстырма, қорытынды жасай білу сияқты т.б. тілдік біліктіліктерін жетілдіреді.

**Презентация.** Адамдардың бір-бірін тыңдауы үшін негізгі үш себеп бар:

- а) жеке басының мүддесі;
- б) кімнің сөйлегені;
- в) қалай сөйлегені.

Тиімді презентацияның бес ережесі:

- а) тыңдаушыларға не керек екенін біліңіз;
- б) оларға керек нәрсені беріңіз;
- в) олардың тілінде сөйлеңіз;
- г) өз сөзіңізді өмірден алынған әңгімелермен толықтырыңыз;
- д) олармен түйсік деңгейінде байланыс жасаңыз.

Тиімді презентацияның бас қағидасы – өз басыңыз немесе өз тауарыңыз туралы ойламаңыз, тыңдаушылар мен олардың мұқтаждықтары туралы ойлаңыз, өзіңіз білетін нәрсе туралы емес, оларға нені білу қажет, сол туралы айтыңыз.

Адамдардың қызығушылығын тудырып, оларға өзіңізді тыңдатудың ең жақсы тәсілі – оларға не керек екенін түсіну және олар қажеттіліктерін сізді тыңдай отырып, қалай қанағаттандыратынын көрсету. Сіз өз пікіріңізді айтпай тұрып, әуелі оларға не керек екенін білетініңізді, олардың көзқарасы сіз үшін маңызды екенін дәлелдеуіңіз керек. Тыңдаушы қызығушылығын анықтайтын тағы бір фактор – сөйлеушінің жеке басы мен ол туралы тыңдаушылардың пікірі. Адамдардың кейбір қасиеттері біздің назарымызды аударып, өзін тыңдатқызады.

Адамдарды тыңдататын тағы бір себеп – сіздің сөйлеу дағдыңыз бен шеберлігіңіз. Қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері өз сөзімізді басқаларға



жеткізудің тиімді амалы болып табылады. Қазіргі ақпарат ағыны мол заманда сөз хабар жеткізудің негізгі тәсілі емес, қазір сурет арқылы хабарды тиімді және тез жеткізудің мүмкіндігі мол. Заманауи тыңдаушы тек сөзге қанағат етпейді, оған айтылған сөздің көрнекі дәлелі керек.

Презентация тыңдаушыларға сіздің нақты сөздеріңіз бен сөйлемдеріңізді емес, сіздің идеяңызды жеткізу тәсілі болып табылады.

Алдымен презентацияның жоспарын жасап алыңыз. Сізге тыңдаушының не істегені керек? Оларды қалай басқаша ойландыра аласыз? Олардың есінде не қалуы керек? Жоспар сіздің негізгі кілтіңіз болады. Бірақ сөздің сценарийін жасаудың керегі жоқ. Сценарий жасаудың орнына, негізгі айтатын ойыңызды белгілеп алыңыз.

Презентацияңызды интерактивті түрде әрбір тыңдаушы қатысатындай етіп жасаңыз. Сұрақтар қойып, берілетін материалды талқылауға барлық адамдарды тартыңыз.

Сөйлеуші суреттерді ауыстырып, өзі, компаниясы туралы айтып, ал тыңдаушылар есінеп, сағаттарына асыға қарап отырса, мұндай презентация тиімсіз болатыны белгілі. Презентация-монолог – ең нашар презентация. Статистика бойынша, адамдардың көбінің сөйлегісі келеді, тыңдағысы келетіндер аз. Сіздің міндетіңіз – бұл жұмысқа әрбір адамды тартып, әр адам өзінің осы іске қатысы бар екенін сезініп, әңгіме өзі үшін өзекті екенін түсінетіндей етіп интерактивті презентация жасау.

Адамның миы көру мен есту арналарының үйлесімі арқылы алған ақпаратты тиімді сақтай алатыны белгілі.

Зерттеу мәліметтері бойынша, адам оқылған ақпараттың 30 % және естіген ақпараттың 20 % есте сақтаса, ақпаратты бір мезгілде естіп және көрсе, есте сақталу 50-75 %-ға артады екен.

Презентацияның талаптары.

*1) Презентацияның мазмұны:*

- тақырыпты ашу;
- материалды беру (слайдқа бөлудің негіздемесі);
- графикалық ресімдеу негіздемесі (суреттер, сұлбалар, диаграммалар);
- мазмұндау сауаттылығы;
- жоба тақырыбы бойынша қосымша қызық ақпараттың болуы;
- ақпарат көзіне сілтемелер (оның ішінде Интернет қорлары).

*2) Презентацияны безендіру:*

- презентация дизайнының бірегейлігі;
- қолданылған дизайнның негіздемесі;
- презентацияға қосылған суреттердің стиль бірлігі;
- ресімдеуде өзіндік (авторлық) элементтерді қолдану;
- графиканы оңтайландыру;
- мультимедианың: графиктер, анимация, бейне, дыбысты пайдаланудың негіздемесі; навигацияның: бөлімдер атауларының, слайдтар мен гиперсілтемелерді ауыстыру батырмаларының болуы.

Презентация мазмұны бай, тақырыбы қызықты, ғылыми құндылығы жоғары, тың және танымдық мәні терең, кәсіби бағыт-бағдар бере алатын, кәсіби жағдаяттар көрініс тапқан материал болғаны абзал.

### Слайдтар қалай жасалуы керек?

Слайдты дайындау барысында төмендегі слайд құрылымы мен талаптарына баса назар аударыңыздар.

1 кесте

Құрылымы	Талаптар
Стилі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Безендірудің біркелкі стилін сақтау.</li> <li>Презентацияның өзінен алаңдататын стильден аулақ болу.</li> <li>Көмекші ақпараттар (басқарушы тетіктер) негізгі ақпараттардан (мәтін, суреттер) басым болмауы қажет.</li> </ul>
Фоны	<ul style="list-style-type: none"> <li>Фоны үшін неғұрлым суық реңдерді таңдаңыздар (мысалы, көк немесе жасыл).</li> <li>Ала-кұла фон болмауы қажет.</li> </ul>
Түстерді қолдану	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бір слайдта үш түстен артық емес түстерді қолдану ұсынылады: біреуі фоны үшін,</li> <li>біреуі тақырыбы үшін,</li> <li>біреуі мәтін үшін</li> <li>Фоны мен мәтін үшін қарама-қарсы түстерді қолданыңыз.</li> <li>Сілтемелердің түстеріне ерекше көңіл аударыңыз (қолданғанға дейін және кейін).</li> </ul>
Анимациялық тиімділігі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпаратты слайд арқылы ұсыну үшін компьютерлік анимация мүмкіндігін қолданыңыз.</li> <li>Әртүрлі анимациялық тиімділікті асыра қолданудан сақ болу, олар слайдтағы ақпарат мазмұнынан көңілді аудармауы қажет.</li> </ul>
Ақпарат мамұны	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысқа сөздер мен сөйлемдер қолданыңыз.</li> <li>Сөйлемдерде түрлі қосымшалар, үстеулер, т.б. аз қолданыңыз.</li> <li>Тақырыптар тыңдаушылар көңілін аударып қызықтыратындай болуы қажет.</li> </ul>
Ақпараттың бетке орналастырылуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақпараттың көлденеңінен орналасуы құптарлық.</li> <li>Аса маңызды ақпарат экранның ортасына орналастырылуы қажет.</li> <li>Иллюстрациялардың атауын жазу.</li> </ul>
Ақпарат көлемі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бір слайдты өте көлемді ақпаратпен толтыру қажет емес: адамдар бір уақытта небары үшеуден артық емес мәліметті, ұғымды, анықтаманы ғана есте сақтай алады.</li> <li>Егер басты, маңызды мәселелер жеке слайдта бір-бірден берілсе, сонда біршама тиімді болады.</li> </ul>
Тарамдалу жаңалығы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сіздің презентацияңыздың барлық бөлімдерінің мазмұнына сілтеменің барлығы.</li> <li>Басқарушы тетіктердің барлығы.</li> </ul>
Даусы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Барлық презентацияны дауыспен жабдықтау. Егер қажет болса.</li> </ul>
Слайд түрлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>Әртүрлілікті қамтамасыз ету үшін слайдтардың әртүрлерін қолдануға болады: мәтінмен; кестемен; диаграммалармен; анимациялармен.</li> </ul>

Слайд жасау талаптарымен төменде көрсетілген сілтемелер арқылы танысуларыңызға болады.

## **№ 6 СӨЖ: «Іскерлік әлемінде» тақырыбына диалог құрастыру**

**Тақырыбы:** Іскерлік диалог.

**Мақсаты:** білім алушының кәсіби әрекеті барысында туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларға байланысты диалог құрастыра білуі.

**Тапсырма:** оқытушы ұсынған нұсқалардың тақырыптарын негізге ала отырып, жағдаяттық диалог құрастыру.

**Қойылатын талаптар:**

- жұмыс көлемі – әр сөйлеушіден 15-20 реплика.
- кәсіби және қоғамдық-әлеуметтік салаларға байланысты қатысымдық жағдаяттарға негізделе құрылуы тиіс;
- тапсырманы жұп болып орындауға да болады. Жұптарды оқытушы ұсынады.

Диалог – сөз өнерінің негізгі жанрларының бірі және оның қалыптасып, дамуына тікелей әсер етеді.

Диалог та, сұхбат та іскерлік қарым-қатынаста жиі қолданылатын әңгімелесу түріне жатады. Диалог екі адам арасында сұрақ-жауап ретінде болатын қарым-қатынаста (интервью, ауызша емтихан) қолданылатын болса, сұхбат жиналыс, іскерлік кездесу, келіссөз, презентация, конференция, семинар т.б. сияқты екі және одан да көп адамдар арасындағы қарым-қатынаста қолданылады. Жағдаяттық тапсырмалар сөйлеу дағдысын қалыптастырып, ой-өрісін дамытады. Тапсырмаларға лайық өз бетімен сөйлемдер құрастырып, ізденуіне мүмкіндік тудырады. Бұл тұста тілге ғана тән ерекшелік көрініп қоймайды, сол тілде сөйлеушінің тілдік мәдениеті де байқалады.

Сұхбаттың элементтері – әртүрлі ілікпе сөздер (репликалар). Олар бір сөз немесе бірнеше сөйлем болуы мүмкін. Ең жиі кездесетіні бір сөйлемді репликалар болып табылады. Репликалардың қосылуын, құрылымдық бірлігін, интонациясын және мағыналық жақтан аяқталып тұруын сұхбаттық бірлік деп атайды.

Жағдаяттық диалогты құрастыру барысында төменде берілген сұхбаттасуда қолданылатын тілдік оралымдар мен диалогтың түрлерін пайдалану ұсынылады.

### **Сұхбаттасуда қолданылатын тілдік оралымдар**

#### **СҰХБАТТЫ БАСТАУ**

Менің ойымша, біз әңгімемізді келесі мәселені талқылаудан бастағанымыз дұрыс сияқты ... .

Бүгін мен белгілі мәселелерді қайтадан талқылауды ұсынамын... .

Бүгінгі кездесуіміздің себебін сіз жақсы білетін болғандықтан, бірден талқылайтын мәселемізге көшсек ... .

Әңгімемізді біз .... талқылаудан бастасақ.

Менің сізбен кездесуге келген себебім ... .

Біз әңгімемізді мені көптен толғандырып жүрген ... мәселеден бастасақ.

Осыған дейін арамызда болған келісімге сәйкес, әңгімемізді... қарастырудан ан бастағанымыз дұрыс болар деп ойлаймын.

#### КЕЛІСКЕНДІ НЕМЕСЕ ҚҰПТАҒАНДЫ БІЛДІРУ

Сіздердің шарттарыңыз бізді толық қанағаттандырады. Бұл ойыңызға біз қарсы емеспіз.

Біз келісімге келе аламыз деп ойлаймын.

Мен сіздің көзқарасыңызды толық құптаймын. Біздің бұл пікіріңізге қарсы айтарымыз жоқ. Бұл, біздің ойымызша өте жақсы идея.

Мен сіздің пікіріңізбен толық келісемін.

... туралы менің көзқарасым сіздікімен толық сәйкес келеді. Тұтастай алғанда сіздің шарттарыңызды толық қабылдауға болады. Жалпы біз келісімге келдік деп есептеуге болады.

#### ТОЛЫҚТЫРУ РЕТІНДЕ

Тағы бір жайға назар аударуға болмайды ...

Осы ойдың дәлелі ретінде бірнеше цитаталарды келтірейін

Айтпақшы, осы сәтте толықтыруға рұқсат етіңіз ... .

#### ӨЗ КӨЗҚАРАСЫН ҚОРҒАУҒА ТЫРЫСУ

Мен бұл бапты басқа көзқарас тұрғысынан қайтадан талқылауды ұсынамын.

Біз осы мәселені басқа қырынан қарастырып көрейікші.

Мен сізден осы сұраққа қатысты қосымша мәліметтерді алғым келеді. Біз әңгімеміздің негізгі тақырыбынан біршама ауытқып кеткен сияқтымыз.

Осындай себептерге байланысты, осыған дейін қарастырған баптардың бірқатарына қайта оралуды ұсынамын.

Мен бұл мәселені шешудің басқа жолын көріп тұрмын, сол себепті түсініктеме бере кеткім келеді...

Талқылағалы отырған мәселені шешудің басқа да жолы бар екендігімен сіз келіседі деп ойлаймын.

Мен ... туралы мәселені қайта қарастырудың қажеттігі жайында айтқым келеді.

Мүмкін, осы мәселеге қатысты сарапшылардың қорытындысы сізді қызықтыратын шығар.

#### ӨТІНІШТІ БІЛДІРУ

Егер келіссеңіз, біз сізге қарыздар болар едік...

Сіз осылай істей алмайсыз ба...

Сізге қиын болмаса...  
Сізге ауыр тимесе...  
Мен сізге риза болар едім, егер...  
Біз сіздің көмектесе алатындығыңызға сенеміз...  
Мен сізден ... сұрағым келеді  
Сіздің тарапыңыздан үлкен көмек болар еді, егер...

#### БЕЛГІСІЗДІКТІ НЕМЕСЕ КҮДІКТІ БІЛДІРУ

Бұл мәселеге байланысты пікірім толық қалыптасып болған жоқ. Кейбір мәселелер мені қатты күдіктендіреді.

Менде айтқандарыңыздың нақтылығына сенімсіздік тудыратын мәліметтер болғандықтан, сіздің мына мәселелерді анықтауыңызды өтінер едім.

Кейбір мәселелерге байланысты сіздің ойыңызды толық түсіне алмадым. Осының қажеттілігі жайлы үлкен күдігім бар.

Менің ойымша мұндай шешімді қабылдауға әлі ерте сияқты. Мен бұл мәселенің басқаша шешілгенін қалар едім.

#### КЕЛІСПЕУШЛІКТІ, ҚАБЫЛДАЙ АЛМАУДЫ БІЛДІРУ

Тұтастай алғанда сіздің ұсынысыңызды қабылдауға болады, бірақ...

Біздің көзқарасымыз сіздікінен біршама бөлектеу. Біз бұл мәселеге басқа түсінік тұрғысынан қараймыз.

Жалпы сіздің ұсыныстарыңыздың көпшілігімен келісеміз, бірақ біздің бірнеше ұсыныстарымыз бен ескертулеріміз бар.

Сіздің нұсқаңызбен келісу оңай емес, себебі оны іске асырудың белгілі бір қиыншылықтары бар.

Бізді сіз ұсынған шарттар толықтай қанағаттандыра алмайды.

Өкінішті, біздің қаржылық жағдайымыз сіздің өтінішіңізді қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді.

Өкінішке орай, біз сіздің шартыңызды қабылдай алмаймыз.

Біз сіздің осы мәселені көтеруге көп күш салғаныңызға ризашылықпен қараймыз, бірақ біз келісе алмайтындығымызды білдіруге мәжбүрміз.

#### НАҚТЫ ЖАУАП БЕРМЕУГЕ ТЫРЫСУ

Сіздің сұрағыңызға нақты жауап беру қиын, себебі...

Аталған мәселеге тек қана жалпылама түрде ғана жауап беруге болады. Мен оның жалпы сұлбасын ғана шамалаймын.

Маған ол туралы айту қиын.

Мен сізге толық жауап беруге қиналамын.

Өкінішке орай, ол туралы біздің толық мәліметіміз болмай тұр.

Біз ол туралы білмейміз, сол себепті көтерілген мәселе жайлы нақты ешнәрсе айта алмаймыз.

## СҰХБАТТЫ АЯҚТАУ

Сонымен, біз әңгімеміздің соңына жақындап келеміз.

Кәне, біздің келісімдеріміздің қорытындысын шығарайық. Сұхбаттың қорытындысы ретінде менің айтқым келгені...

Менің байқауымша, біз бүгінгі сұрақтардың бәрін қарастырып болдық. Меніңше ... мәселесін шешілді деп есептеуге болады.

Сіздерге бүгінгі талқылауға қатысқандарыңыз үшін біздің фирмамыздың атынан алғыс білдіріп, болашақ әріптестігіміздің сәтті болатындығына сенім білдіруге рұқсат етіңіздер.

Талқылауға қатысуға уақыт бөлгендеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Менің ойымша сіздер өз шешімдеріңізге риза боларсыздар.

### **Диалогтың түрлері:**

а) диалогтық сұхбат (разговор) – бір тақырыпқа арналған қысқа уақыттық әңгіме;

б) диалогтық әңгіме (беседа) – шешім қабылдау мақсатында мәліметтермен бөлісіп, оқиғаға немесе жағдайға қатысты өз көзқарастарын білдіру;

в) келіссөз (переговор) – мәмілеге келу мақсатында белгілі бір мәселені талқылау;

г) интервью – баспасөз, радио, теледидар журналистері жүргізетін әңгіме;

д) пікірсайыс (дискуссия);

е) іскерлік – тікелей «жанды» диалог;

ж) телефонмен әңгімелесу – вербалды әңгіме.

### **Жағдаяттық диалогты құрастыру үлгісі**

Жағдаят: Сіз басшысыз. Жұмыстан шыққысы келетін қызметкердің өтінішіне қол қоюдан бұрын оны шақыртасыз. Сіз оның жұмыстан кетуіне қарсысыз. Себебін біліп, оны орнында қалдыруға үгіттеңіз.

Қызметкер – Сәлеметсіз бе, Сұлтан Арманұлы!

Басшы – Сәлеметсіз бе, Айман Абылайқызы! Отырыңыз! Бүгінгі кездесуіміздің себебін сіз жақсы білетін болғандықтан, бірден негізгі мәселеге көшсек. Сіздің жұмыстан өз еркіңізбен кетуіңіздің себебі қандай?

Қызметкер – Маған ол туралы айту қиын.

Басшы – Біз осы мәселені басқа жағынан қарастырсақ. Сіз тәжірибелі, білікті мамансыз. Сіздей қызметкердің кетуі – біз үшін ауыр жағдай. Жиырма жыл еңбек еткен ұжымыңыздан кету сізге де оңай емес шығар?

Қызметкер – Өкінішке орай, мен сондай шешімге келдім. Мен сіздің маған алаңдаушылық білдіргеніңізге ризашылықпен қараймын, бірақ жұмыстан кетуге мәжбүрмін.

Басшы – Мен сізден неге өтініш жазғаныңызды ашып айтуыңызды сұрағым келеді. Басқа жұмыс таптыңыз ба?

Қызметкер – Мен отбасы жағдайыма байланысты жұмыстан шығамын деп өтініш бердім. Балам биыл университеттің ақылы бөліміне оқуға түсті. Мен оның оқуының ақшасын төлеуім керек қой. Жалақым аздық етеді, сол себепті айлығы жоғары жұмысқа орналасатын болдым.

Басшы – Сіздің жағдайыңыз енді түсінікті болды. Мен сіздің көзқарасыңызды толық құптаймын. Дегенмен мен сізден осы шешіміңізге қатысты қосымша мәліметтерді алғым келеді. Айтып отырған мекемеңіз жекеменшік пе? Онда келісімшарт қанша уақытқа жасалады?

Қызметкер – Жекеменшік фирма. Алдымен екі ай сынақ мерзімі болады. Сосын үш жылға келісімшарт жасаймыз деген.

Басшы – Айман Абылайқызы! Әрине, сіздің өмірлік тәжірибеңіз бар, әрбір жағдайды дұрыс шеше алатын парасатты жансыз. Алайда талқылап отырған мәселені шешудің басқа да жолы бар екендігімен сіз келіседі деп ойлаймын. Жекеменшік фирманың ертеңі белгісіз. Онда жалақы уақытылы берілетініне де күмәндануға болады.

Қызметкер – Сіздің пікіріңізге қарсы айтарым жоқ. Өкінішке орай, менің басқа амалым қалмады. Әрине, осы жердегі әріптестерімді, үйренген қызметімді мен қимаймын.

Басшы – Тағы да айтқым келеді: біз сіздей өз ісіне адал, ортасына сыйлы, жауапкершілігі мол қызметкерді мақтаныш етеміз. Жас мамандар үшін де сіз таптырмас ұстазсыз. Бізге сіздей маман керек.

Қызметкер – Мен сізге және әріптестеріме ризашылығымды білдіремін. Менің кетуімнің себебін дұрыс түсінгендеріңізді қалаймын.

Басшы – Өкінішті, біздің қаржылық жағдайымыз сіздің мәселеңізді жақын арада шешуге мүмкіндік бермейді. Дегенмен жуық арада бізде жаңадан бөлім ашылады. Сіз бөлім меңгерушісі лауазымына әбден лайықтысыз. Бөлім меңгерушісінің жалақысы жоғары. Оған жұмысының нәтижесіне қарай сыйақы да беріледі. Осы ұсынысыма қалай қарайсыз?

Қызметкер – Сіздің ұсынысыңыз мені қызықтырады. Бұл ойыңызға мен қарсы емеспін.

Басшы – Біз келісімге келдік деп ойлаймын. Менімше, мәселе шешілді деп есептеуге болады. Сізге менің сөздеріме құлақ асып, шешіміңізді өзгерткеніңіз үшін алғысымды білдіремін. Сұрақтарыңыз бар ма?

Қызметкер – Менде сұрақ жоқ. Түсіністікпен қарап, қолдау көрсеткеніңізге көп рақмет. Келешекте қойған талаптарыңызды орындап, сеніміңізді ақтауға тырысамын.

Басшы – Сізге еңбекте табыс, ісіңізде сәттілік тілеймін. Егер қиындықтар болса, келіңіз, біз сізден көмегімізді аямаймыз.

Қызметкер – Рақмет, сау болыңыз! Басшы – Сау болыңыз!

Жағдаят нұсқалары:

1. Сіз мекеме басшысысыз. Бос қызмет орнына жаңа қызметшіні қабылдауыңыз қажет. Жұмыс іздеп келген үміткерді қабылдап, онымен сұхбаттасыңыз.

2. Сіз басшысыз. Өз еркімен жұмыстан босатуды талап еткен оқытушыны қабылдайсыз. Сіз оның кетуіне қарсысыз. Себебін біліп, оны орнында қалдыруға үгіттеңіз.

3. А Сіз – жас мамансыз. Алғашқы жұмыс күнінде жаңадан келген маман ретінде ұжыммен танысуыңыз керек. Әуелі басшылықпен я ұжым жетекшісімен жақынырақ танысып, негізгі міндеттеріңізді анықтап алыңыз.

Ә. Сіз – фирманың директорысыз. Жұмысқа жаңадан орналасқан маманды ұжыммен таныстырып, оған еңбек қауіпсіздігін түсіндіріңіз.

4. А. Сіз «Қазақстанда қалыптасқан экологиялық мәселелер және оны шешу жолдары» атты семинарға қатысып отырсыз. Әріптестеріңізбен осы мәселе төңірегінде ой бөлісіңіз.

Ә. Өз өңіріңіздің экологиялық мәселелері және оны шешу жолдары туралы әңгімеленіңіз.

5. Сіз жұмысқа кешігіп қалдыңыз. Бөлім басшысына кешіккен себебіңізді айтып, түсіндіріңіз, оның сұрақтарына жауап беріңіз.

6. Топтағы досыңызбен «Болашақ маман қандай болу керек?» деген тақырыпта пікір алмасыңыз.

7. Өз мамандығыңызға байланысты ашылған ғылыми жаңалықтар төңірегінде оқытушыңызбен сұхбаттасыңыз. .

8. Қазіргі техниканың дамуының нәтижесінде жастар арасында кітап оқуға қызығушылық азайып барады. Сіздің пікіріңіз қандай?

9. Сіз «Робот техникасының тарихы және болашағы» атты семинарға қатыстыңыз. Семинарда көтерілген мәселе төңірегінде әріптестеріңізбен ой бөлісіңіз.

10. Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін жаппай енгізу керек. Бұл – автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект, «ауқымды мәліметтер» алмасу, тағы басқа міндеттер» екенін атады. Бұл – уақыт талабы. Алайда, инновациялық дамуды бірінші орынға қойғанымен, елімізде робототехника саласының баяу дамығанын жоққа шығара алмаймыз. Осы мәселе бойынша сұхбаттасыңыз.

11. Сіз «Энтел» журналының тілшісісіз. Қазақстан электроника саласында елеулі еңбек еткен есімі елге әйгілі ғалымнан интервью аласыз. Әңгіме барысында ғалымның өмірбаяны, жастық шағы, студенттік кезеңі, алғашқы ашқан жаңалығы және ғылыми зерттеулері жайлы ақпарат алуға тырысасыз.

12. Сіз «Аспап жасау» мамандығы бойынша білім алып жатқан студентсіз. Басқа мамандықта оқитын досыңызбен өз мамандығыңыздың артықшылықтары туралы айтып, сөз жарыстырыңыз. Досыңыздың сіздің мамандығыңыздың бүгінгі және болашағы жайлы айтқан пікірлерін қостап немесе жоққа шығарып, тақырыпты ары қарай дамытыңыз.

13. Алматы жобалау институтының кадр бөлімі жас мамандарды жұмысқа қабылдау. Бұл орайда жұмыс тәртібі, ережелері және болашағы (перспективасы) туралы сөз қозғаңыз.

14. Қазақ жастарының ғылымға деген қызығушылығы төмен... . Сіз бұл



оймен келіспейсіз. Қарсы пікір білдіріңіз.

15. «Бүгінгі таңда қандай мамандықтар сұранысқа ие?» деген тақырыпқа сұхбат құрыңыз.

16. «Өз факультетіңіздегі білім беру жүйесі» туралы сұхбат құрыңыз

17. Сіз «Аспап жасау» мамандығында оқитын АЭЖБУ студентісіз. Осы мамандық жайлы білгісі келетін досыңызбен өз мамандығыңыздың артықшылықтары туралы әңгімелесесіз

18. Сіз АЭЖБУ студентісіз. Сізге Алатаудың бауырындағы қалада тұрып өмір сүру де, оқу да ұнайды. Сіздің міндетіңіз – Алматыда оқудың болашақ үшін өте тиімді, үйренетін нәрсе көп екендігін айтып жоғары білім алғысы келетін сыныптасыңызды АЭЖБУ-ға оқуға шақыру.

19. Топтағы досыңызбен «Болашақ маман қандай болу керек?» деген тақырыпта пікір алмасыңыз.

20. Сіз жас мамансыз. Алғашқы жұмыс күнінде жаңадан келген маман ретінде ұжыммен танысуыңыз керек. Әуелі басшылықпен немесе ұжым жетекшісімен жақынырақ танысып, негізгі міндеттеріңізді анықтап алыңыз.

21. «Білім де бәсекеге түседі» деген тақырыпқа сұхбат құрыңыз

22. Қазақша білмейтін досыңызға қазақ тілін үйрену керектігі жөнінде 5 кеңес беріңіз.

23. Сіз мекеме директорысыз. Орынбасарыңызды шақырып, айлық жоспардың не себепті орындалмағандығы және бұл мәселені қалай шешуге болатындығы жайлы әңгімелесіңіз. Әңгіме өлшеу жүйелерінің бөлшектерін жасайтын кәсіпорынға қатысты жүруі тиіс. Диалогта өлшеу жүйелерінің бөлшектеріне, олардың атауларына, жасалу технологиясына қатысты сөздер болуы керек.

Бүгінгі күннің талабы – маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Студенттің негізгі қарым-қатынас жасау, әлеуметтік топқа айналу саласы білім беру кеңістігі, яғни жоғары оқу орны болып табылады. Өйткені студенттің түрлі қатынастары оның негізгі мамандығымен байланысты іске асады және.

*Сұхбаттасудан қалай өтеміз?*

Түйіндемеңізді таратып, өзіңізге лайықты қызметті іздестіріп, таптыңыз делік. Келесі кезекте жұмыс беруші жаңа маманды жұмысқа алмас бұрын оны сұхбаттасуға шақырады.

Төменде бірнеше кеңестер берілген, оларды есте сақтап қалсаңыз, өзіңіз қалаған жұмысқа тұрып кету мүмкіндігіңіз мол болады.

*Сұхбаттасуға алдын ала дайындалыңыз.* Ақпарат көздерінен жаңа маман іздестіріп жүрген мекеме туралы бар ақпаратты қараңыз. Сұхбаттасуға бармас бұрын түйіндемеңізге бір қарап, өзіңіз монолог дайындаңыз.

*Таныстыру.* Өзіңізді таныстырған кезде аты-жөніңіз бен біліміңіз, тәжірибеңіз туралы айта кетіңіз. Қызмет бабында қандай жетістіктерге жеттіңіз, бойыңыздағы қандай қасиеттеріңізді өзіңіз жоғары бағалайсыз, сол туралы айтқан жөн.

*Кешікпеңіз.* Белгіленген уақыттан ертерек барыңыз. Ешуақытта кешікпеңіз. Егер де мекеме мекен-жайын білмесеңіз, алдын ала ол жаққа қалай жетуге болатынын біліп алыңыз.

*Әдептілік сақтаңыз.* Сұхбат кезінде мұқият тындап, сөзді бөлменіз. Сұхбат алушы сізден кіші болса да, «Сіз» деп сөйлеп, сыпайылық танытыңыз. Есінеп, қолыңызды сермеп, саусақтарыңызды майыстырып, қол-аяғыңызды айкастырмаңыз. Айналаңызға я сағатыңызға қарап, қайта-қайта ұялы телефоныңызды тексеріп жатпаңыз. Сұхбат алдында ұялы телефонды сөндіріп тастаған абзал

*Өзіңізге сенімді болыңыз.* Қызметке деген құлшынысыңыз бен қызығушылығыңызды көрсетіңіз. Сұхбаттасу кезінде сұхбат алушыдан мекеме туралы ақпарат алыңыз. Жаңа маманға қойылатын талаптарды талқылаңыз. Өз ойыңызды қосыңыз. Ең бастысы, сенімді болыңыз!

*Сұрақтарға дұрыс әрі нақты жауап беріңіз.* Сұхбат алушы сізге жеке басыңыз бен біліктілігіңізден басқа да сұрақтар қоюы мүмкін. «Өмірде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?», «Арманыңыздағы жұмыс қандай?», «Отбасын қашан құруды жоспарлайсыз?» , «Өмірдің мәні не?», т.с.с. осы тектес сұрақтарға барынша шыдамдылық танытып, әдемі жауап беруге тырысыңыз.

*Қоштасу.* Сұхбат өз мәресіне келіп жеткенде, сұхбат алушы сізден «Сұрақтарыңыз бар ма?» деп сұрауы мүмкін. Егер сауалдарыңыз болса, қойған жөн. Жоқ болған жағдайда, «Сұрағым жоқ, барлығы түсінікті. Алдағы күндері сіз(дер)ден хабар күтемін. Танысқаным өте қуаныштымын. Сау болыңыздар! Көріскенше!» деп жылы жауап беріп, қоштасыңыз.

## Әдебиеттер тізімі

### Негізгі:

- 1 Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. - Астана, 2017. -282 б.
- 2 <https://www.youtube.com/watch?v=z2a95QML2bw>  
[https://web.facebook.com/bignamekz/posts/1867588056898722/?\\_rdc=1&\\_rdr](https://web.facebook.com/bignamekz/posts/1867588056898722/?_rdc=1&_rdr)  
(дата обращения: 20.10.2020).
- 3 <https://yadi.sk/d/Tz6K-RD2VwglNQ> (дата обращения: 20.10.2020).
- 4 Ерназарова З.Ш. Эссе түрлері. Оқу-әдістемелік құрал – Алматы: Білімсепа баспасы, 2019 ж. – 80 б.
- 5 Айтбенбетова А. Қ. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама. - А., 2007.
- 6 Қарабаева Х. Қазақ тілі: тіл ұстартуға арналған оқу құралы. 2-басылым Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 148 б.
- 7 Күзекова, З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2015.- 180 б.
- 8 Салқынбай А., Егізбаева Н., Жұмағұлова А., Иманқұлова С., Рысбай Б. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
- 9 Төлеуп М., Советова З. Қазақ тілі – 2: Іскерлік қарым-қатынас бойынша дидактикалық материалдар және әдістемелік нұсқаулар (барлық мамандықтарға арналған). – Алматы: АЭЖБУ, 2014. – 41 б.
- 10 Төлеуп М.М., Советова З.С. Қазақ тілі: Техникалық оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2015. – 192 б
- 11 Алмухаметова Г.С., Ахметова Э.Т. 5В071600- мамандығына арналған дидактикалық материалдар мен әдістемелік нұсқаулық. - «АЭЖБУ», 2015.
- 12 Қ.Ө. Ажиев. Кәсіби қазақ тілі. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамту мамандығына арналған СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар. –Алматы: АЭЖБУ, 2018. – 36 б.
- 13 Л. А. Асылханова, Қ.С. Телғожаева. Қазақ тілі пәнінен барлық мамандықтар үшін №4, №5, №6 семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар. –Алматы: АЭЖБУ, 2016 – 36 б.
- 14 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. - 230 б.
- 15 Күзекова З., Аяпова Т., Оразбаева Ф., Мамаева М., Жолшаева М. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. - Астана, 2011.
- 16 Ақанова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ., Сүлейменова Э.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. Оқулық кешені. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей. –Алматы, "Арман -ПВ", 2002.
- 17 Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Евро, 2018.
- 18 Қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар (бес деңгей бойынша). - Астана, 2012.

### **Қосымша:**

1. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. - 800 б.
2. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Евро, 2018.
3. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013. –294 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1925-2015 – Астана, 2015.
6. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1927-2015 – Астана, 2015.
7. Қазақ тілін оқытуға арналған бірулгі бағдарлама. – Астана, 2016.
8. Орфографиялық сөздік / Алтыншы басылым. Құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова.- Алматы: "Дәуір" баспасы, 2013.- 720 б.
9. <https://www.youtube.com/watch?v=z2a95QML2bw> (дата обращения: 20.09.2020).
10. [https://web.facebook.com/bignamekz/posts/1867588056898722/?\\_rdc=1&\\_rdr](https://web.facebook.com/bignamekz/posts/1867588056898722/?_rdc=1&_rdr) (дата обращения: 20.09.2020).
11. <https://yadi.sk/d/Tz6K-RD2VwglNq> (дата обращения: 20.09.2020).
12. <https://yadi.sk/d/Tz6K-RD2VwglNq> (дата обращения: 20.09.2020).
13. <https://www.youtube.com/watch?v=I7ElkZZqOAU> (дата обращения: 20.09.2020).
14. <https://www.youtube.com/watch?v=jkUqFU0BE3k> (дата обращения: 20.09.2020).

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Студенттің № 1 өздік жұмысы.....	4
2 Студенттің № 2 өздік жұмысы .....	10
3 Студенттің № 3 өздік жұмысы.....	19
4 Студенттің № 4 өздік жұмысы.....	22
5 Студенттің № 5 өздік жұмысы .....	23
6 Студенттің № 6 өздік жұмысы .....	27
Әдебиеттер тізімі.....	35

Алмухаметова Гульмира Сатыбалдиевна

ҚАЗАҚ ТІЛІ

С1 деңгейі. Барлық білім беру бағдарламаларына арналған  
СӨЖ тапсырмалары бойынша әдістемелік нұсқаулық

Редактор Ж.Н. Изтелеуова  
Стандарттау бойынша маман Е.Т. Данько

Басуға қол қойылды \_ \_ \_  
Таралымы 50 дана  
Көлемі 2,6 есептік-баспа табақ

Пішімі 60x84 1/16  
Баспаханалық қағаз №1  
Тапсырыс \_ Бағасы 1300 теңге

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс  
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
көшірмелі-көбейткіш бюросы  
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1